


Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейінің өсу динамикасы

1-кесте: тағайындау рәсімдері арасындағы кезең - 3 жыл

Білім беру салалары	2021-2022 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалардың үлесі	2022-2023 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар	2023-2024 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар
Денсаулық	51%	62%	65%
Коммуникация	54%	52%	55%
Таным	58%	65%	54%
Шығармашылық	65%	69%	69%
Әлумет	69%	59,8%	72%
Барлығы:	69%	60%	80%


Динамика: 63% - 48,8% = 12



2-кесте: тағайындау рәсімдері арасындағы кезең - 2 жыл

Білім беру салалары	2021-2022 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар	2022-2023 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар
Денсаулық	62%	65%
Коммуникация	51%	55%
Таным	52%	54%
Шығармашылық	65%	69%
Социум	69%	72%
Барлығы:	59,8%	63%

Динамика: 63% - 59,8% = 3




3-кесте: тағайындау рәсімдері арасындағы кезең - 1 жыл

Білім беру салалары	2021-2022 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалардың үлесі Бастапқы мониторинг	2022-2023 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар Қорытынды мониторинг
Денсаулық	52%	65%
Қатынас	40,5%	55%
Таным	41,5%	54%
Шығармашылық	44,5%	69%

Әлеумет	66,5%	72%
Барлығы:	49%	63%

Динамика: 14%


Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейінің өсу динамикасы



Жалпы динамика (қорытынды көрсеткіштер):

Білім беру салалары	2021-2022 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалардың үлесі	2022-2023 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар	2023-2024 оқу жылы: біліктер мен дағдылардың жоғары және орта деңгейі бар балалар
Барлығы:	48,8%	59,8%	63%

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейінің 3 жылдағы өсу динамикасы



Қорытынды: Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сүйеніп жасалынды. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы диагностика арқылы іске асырылды. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылды. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді. 2021-2022 оқу жылында мониторинг үш рет қыркүйек, қаңтар және мамыр айларында өткізілді.

Үш жылда «Денсаулық» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің біліктілік деңгейі 59,3%-ға көтерілді.

Денсаулық сақтау кеңістігін ұйымдастыру және білім беру қызметінде Денсаулық сақтау технологияларын іске асыру бойынша жұмыстар жалғастыру және жылдың суық және жылы кезеңдеріне сәйкес балалардың балабақшада болу режимі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып екі кезеңге құру ұсынылды. Бұл тәрбиеленушілердің үйлесімді, жан-жақты дамуына ықпал етті.

Үш жылда «Коммуникация» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің біліктілік деңгейі 48,6%-ға көтерілді.

Ойын технологиясын қолдана отырып сөйлеуді дамытуды жандандыру бойынша ұсыныстар беріліп, ол соңғы екі жылда жақсы нәтиже берді деген қорытынды жасауға болады. Балалардың қарым-қатынас процесіне қатысуға деген ұмтылысы байқалады, ақыл-ой белсенділігі артты, балалардың сөздік қоры байытылды, бастысы ақпаратты

нақтылады, заттарды, белгілер мен құбылыстарды салыстырады, жинақталған білімді жүйелейді. Олардың сөздік қоры бай, құрдастарының мәлімдемесін дәлелді түрде бағалай алады, сюжеттік сурет, суреттер жиынтығы бойынша әңгімелер құрастырады, шағын әдеби шығармаларды қайталайды, сөздегі дыбыстың орнын анықтайды, Біз балаларды ақпарат алуға, зерттеу жүргізуге, салыстыру жасауға, ақыл-ой әрекеттерінің нақты ішкі жоспарын құруға, сөйлеу мәлімдемесіне, тұжырым жасауға және пікір білдіруге, қорытынды жасауға үйретеміз. Бұл тәрбиеленушілердің үйлесімді, сөздік қорының дамуына ықпал етті.

«Таным» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің біліктілік деңгейі 49%-ды көрсетті.

Тәрбиеленушілердің 49% - ы «Таным» білім беру саласын игерді және қажетті білім, білік пен дағдыларды игерді, құрбыларымен тіл табысу, ойын ережелеріне бағыну, ойнайтын балалар санына байланысты ойын мазмұнын қалай ашуға болатындығын біледі. Дидактикалық ойындарда олар өз мүмкіндіктерін бағалайды. Өнімді (конструктивті) қызмет: құрылыс үлгісін талдай алады, өз құрылысын құру кезеңдерін жоспарлай алады, сындарлы шешімдер таба алады. 10-ға дейін санайды, сандық және реттік сандарды дұрыс қолданады. Тең емес заттарды екі жолмен теңестіреді, заттарды ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша салыстырады, дәлдікті қабаттасу және қолдану әдістерімен тексереді, геометриялық фигураларды және олардың ерекшеліктерін біледі, күннің бөліктері мен аптаның күндерін атайды.

«Таным» білім беру саласы бойынша төмен меңгеру деңгейін көрсеткен балалармен күн сайын зияткерлік саланы және ерікті зейінді дамыту бойынша жеке жұмыс жүргізу ұсынылды. Ата-аналарға кеңес алу үшін педагог-психологқа жүгінуге кеңес берілді.

Үш жылда «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің біліктілік деңгейі 62,6%-ды көрсетті.

Тәрбиеленушілер ақпаратты бейнелеу өнерінің туындыларын суреттеу құралдарының әр түрлі өнерлерін бейнелеу ерекшеліктері материалдарын біледі. Заттарды бейнелеуде сюжеттік суреттерді пайдаланады әр түрлі композициялық шеберлігі мен бейнелеу материалдары, түсі және оның реңктерін жасау үшін мәнерлі бейнелерді қолданады. Заттар мен кішігірім сюжетті композиция бере отырып, пропорция және қозғалыс фигуралар, оларды әртүрлі кесу әдістерін қолдана отырып, қарапайым сюжеттік композициялар мен заттарды бейнелейді. Музыкалық шығармалардың жанрларын, музыкалық аспаптардың дыбысын ажыратып, жоғары және төмен дыбыстарды ажыратады, кернеусіз ән айта алады, музыканың сипаты мен динамикасына сәйкес ырғақты қозғала алады, әндердің, дөңгелек билердің мазмұнын өз бетінше сахналайды.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілердің біліктілік деңгейі 66,3%-ды көрсетті.

Тәрбиеленушілер «Әлеумет» білім беру саласы бойынша қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды игерді. Өз бетінше киіну және шешіну, дымқыл заттарды кептіру, аяқ киімді күту, асхана бойынша кезекшінің міндеттерін, ғылым орталығында өсімдіктерге күтім жасау бойынша тапсырмаларды орындайды. Көшеде және көлікте қауіпсіз жүріс-

тұрыстың қарапайым дағдысын меңгерді. Көліктің арнайы түрлерін ажыратады және атайды, бағдаршам сигналдарының мәндерін түсінеді, кейбір жол белгілерін таниды және атайды, жүріс бөлігін, тротуарды, жаяу жүргіншілер өткелін ажыратады, табиғаттағы қарапайым мінез-құлық ережелерін біледі.

Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор.. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал етуге маңызы өте зор. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік берді.

Тексерген: Бекишева М.А. 